

ШЕБЕРЛІКТЕРІН ШЫҢДАП, БИІКТЕРДЕН КӨРІНУДЕ

WorldSkills – шеберлік дағдыларын жетілдіру және дамыту орталығы. Ол жастарды кәсіби шеберлікке үйрету және олардың таңдаған мамандықтары бойынша ең үздік болуға баулиды. Бүгінгі таңда осы жарысқа 18-28 жас аралығындағы жас білікті мамандар, колледж студенттері, тәлімгерлер қатыса алады. Чемпионатқа қатысушылардан басқа сарапшылар, конкурсқа қатысушылардың тәлімгерлері, еріктілер және басқа да мүдделі та- раптардан тұрады.

Былтырғы оқу жылында Ақмола облысы бойынша «Кәсіпқор» Холдингі» коммерциялық емес акционерлік қоғамының ұйымдастыруымен «WorldSkills» стандарттары бойынша аймақтық чемпионаттарды ұйымдастыру және өткізу процесінің негізгі аспектілері» бағдарламасы бойынша техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының инженерлік-педагогикалық қызметкерлеріне арналған біліктілігін арттыру курстары ұйымдастырылды.

2019 жылдың 23-25 шілде айында Санкт-Петербург қаласында «Халықаралық стандарттарға сәйкес СПО жүйесінде оқыту сапасын қамтамасыз ету. Жаңа үлгідегі колледж құрастырамыз» атты халықаралық жобалық-аналитикалық үш күндік семинар ұйымдастырылды.



Осы семинарға колледж тарапынан қатысып, WorldSkills құзыреттіліктері бойынша мақсат-міндеттері, колледж қызметінде WorldSkills құралдарын пайдалану кезіндегі мәселелер мен қиындықтар, оларды шешу жолдары, WorldSkills стандарттарына бағдарлау мақсатында бағдарламаның жаңа түрлерін әзірлеу, демонстрациялық емтихан жүйесі бойынша ақпараттар беріліп, іс-тәжірибелермен бөлісті.

Елордада 2019 жылдың 11-15 қараша аралығында Тәуелсіздік сарайында «WorldSkills Kazakhstan» V республикалық кәсіби шеберлік чемпионаты сапалы деңгейде ұйымдастырылды. Аталған чемпионатта Ақмола өңірі 4 алтын, 4 күміс, 1 қола медальді еншіледі.

«Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» құзіреттілігі бойынша республикалық чемпионатта бас сарапшы ретінде колледжімізден мектепке дейінгі бөлімнің оқытушысы

Әмірова Сағира Абзалқызы тағайындалды. Олардың біліктіліктерін 500 жуық сарапшы бағалады. Ж. Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжінен «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» және «Бастауыш сыныптарды оқыту» құзіреттілігі бойынша республикалық чемпионатына жолдама алған Шарипова Айгерім Тельжановна қатысып, жүлделі II орын, Маджитова Лаура Ериқбаевна жүлделі I орынды иеленді. Оқу орнымыздан екі құзіреттілік бойынша қатысып, 1 алтын, 1 күмісті олжаладық.

«WorldSkills Kazakstan» байқауы жыл сайын дәстүрлі түрде өткізіліп отыра-



ды. Соңғы 5 жыл ішінде бұл іс-шараға Ақмола облысының жастар қауымы белсенділік танытып қатысып жүр. Ерекшелігі - «Бастауыш сыныптарды оқыту» құзіреттілігі биылғы жылы республикалық деңгейде алғаш рет ұйымдастырылды. Оның алғашқы жеңімпазы – колледжіміздің бастауыш мектеп бөлімінің IV курс студенті Лаураның болуы бізді қуантады. Құзіреттілік бойынша конкурс тапсырмасының бір талабы – бір модульді ағылшын тілінде қорғау, ережеге сәйкес бір уақытта аяқтау.

«WorldSkills Kazakhstan» жобасы Қазақстанның кәсіптік-техникалық білімінің имиджін көтеруге бағытталған. Міне, бесінші мәрте біз Қазақстанның түкпір-түкпірінен келген колледждердің шәкірттерінің осындай ашық алаңда өз шеберліктерін көрсетіп жүргеніне куә болып келеміз. Бұл болашақта халықаралық жарыстарға қатысуға мүмкіндік береді. Аталған чемпионат білікті кадрларды даярлауға жаңа идеялар мен трендтер жасауға, кәсіби білім сапасын арттыруға мүмкіндік береді және кәсіби шеберлік дағдыларын жетілдіру орталығына айналады.

Барлық 17 аймақ бойынша педагогикалық оқу орындарынан келген чемпионатқа қатысушылар әр кезең тапсырмаларына жоғары жауапкершілікпен дайындалғандарын көрсете білді.

Біздің жеңісіміз студенттеріміздің алға деген ұмтылыс, айқын мақсат пен төзімділіктің арқасында алынды. Мұндай нәтижеге жету жолында колледжіміздің білікті

мамандары аянбай еңбек етті. Атап айтсақ, екі құзіреттілік бойынша оқытушыларымыз Ө. Төлеген, Г. Әміржанова, А. Смаилова, С. Әмірова, Б. Батанасова, Б. Азбергенова, М. Құрмет, Г. Мұратхан, Ә. Шайрахметова, Д. Жусупова, А. Камалиден және «Зерек» бала-бақшасының ұжымына алғысымызды білдіреміз. Бұл – колледж қабырғасындағы білікті ұстаздардың тәуелсіз еліміздің тұғырын нығайтып, білімді шәкірт тәрбиелеу жолындағы қажырлы еңбегінің нәтижесі деп білеміз.

WorldSkills құзіреттіліктерін білім бағдарламаларына енгізу - біздің алдымызда тұрған басты мақсат. Биылғы оқу жылында оқу орнымызда бүгінгі болашақ мамандардың кәсіби деңгейлерін көтеру және біліктілігін арттыру мақсатында ұйымдастырылған «WorldSkills Kazakstan – 2020» аймақтық чемпионатқа қатысушыларды іріктеу кезеңінің жабылу салтанаты өтті. Іріктеу «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» және «Бастауыш сыныптарды оқыту» және алғаш рет «Музыкалық білім беру», «Дене тәрбиесі және спорт», «Мектепте информтиканы оқыту» құзіреттіліктері бойынша өткізіліп, 29 студент қатысты. Чемпионат кезінде мектеп оқушылары шақырылды, мамандықтар туралы толық ақпарат алды. Байқау жоғары деңгейде, WorldSkills ережесінің талап-

тарына сай ұйымдастырылды. Келесі оқу жылында басқа да құзіреттіліктер бойынша чемпионат жоспарлануда.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы желтоқсандағы № 988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында: «WorldSkills стандарттарын ескере отырып, демонстрациялық емтихандарды өткізетін техникалық және технологиялық бейіндегі мемлекеттік колледждердің үлесін 100%-ға жеткізу, техникалық және кәсіптік, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының жанынан балаларға Soft Skills және World Skills дағдыларын үйрету үшін үйірмелер, студиялар, шеберханалар, зертханалар ашу мәселесі пысықталатын болады» - делінген.

Біз, педагогикалық ұжым, еліміздің болашағына әрқашан көңіл бөліп, жас ұрпаққа саналы тәрбие мен сапалы білім беретін ұлы міндет жолында еңбегіміз одан әрі жалғастыруға мүдделіміз.

Әдебиеттер:

1. «WorldSkills» стандарттары бойынша аймақтық чемпионаттарды ұйымдастыру және өткізу процесінің негізгі аспектілері» бағдарламасы бойынша техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының инженерлік-педагогикалық қызметкерлеріне арналған біліктілігін арттыру курстарының қатысушысына арналған нұсқаулық. Кәсіптік білім беру орталығы. – Нұр-Сұлтан, 2019.
2. Обеспечение качества обучения в системе СПО в соответствии с международными стандартами. Конструируем колледж нового образца. – СПб., 2019.

МҰҚЫШЕВА Қаракөз Серікқызы, Ж. Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжі, директордың практикалық жұмыс жөніндегі орынбасары, п.ғ.м.

АННОТАЦИЯ

В статье заместитель директора по практической работе Кокшетауского высшего женского педагогического колледжа им. Ж. Мусина Каракөз Мукышева рассказывает о международном некоммерческом движении «WorldSkills», целью которого является повышение престижа рабочих профессий и развитие навыков мастерства, о достижениях региона и колледжа в этом направлении.